

ӘОЖ 78.07

А.Ұ. Күзеубай,

Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының I курс PhD докторанты,

Алматы қ., Қазақстан,

e-mail: amangeldi\_80@mail.ru

Ғылыми жетекшісі – профессор Г. Омарова

### Қазақтың дәстүрлі әншілерін оқыту мәселелері

Мақалада музыкалық мұраның үзілмес тарихи жүйесін сақтап жеткізу, сонымен қоса қазақтың дәстүрлі орындаушыларын қазіргі заманауи бағытта білім беру жүйесіне сай оқыту мәселелері қозғалады. Қазақтың ән дәстүрін сақтап қалудың негізгі шарты ол дәстүрлі әншіге дауыс қою, сонымен қатар қазақ вокалдық орындаушылықтың теориялық негізін жасау. Мақалада келтірілген анықтамаға мән берсек, аталған тақырыпқа сай әдебиеттердің аздығы, бұл мәселе ғылыми түрде зерттелмегені, ал музыкалық оқу орындарында «дауыс қою» пәні әлі де эмпирикалық негізінде жүргізілетіні айқындалады. Автор дәстүрлі вокал мәселелерін өзінің ғылыми зерттеу жұмысындағы басты мақсатымен, яғни, бастауыш және орта білім беру музыка мектептерінде дәстүрлі музыканттарды, оның ішінде, «дәстүрлі ән» бойынша бағдарлама және әдістеме негіздерін жасауымен байланыстыра отырып көрсеткен. Сөйтіп, жалпы дауыс қою мәселесін қоюмен бірге, мақалада музыкалық білім мекемелеріндегі (мектеп, колледждер) дәстүрлі ән мамандығы бойынша сабақ алатын дарынды балаларға дауыс қою жайында берілетін әдістемелік ұсыныстардың ең негізгі параметрлері анықталған.

**Түйін сөздер:** қазақ музыкасы, дәстүрлі ән, дауыс қою, оқыту әдістемесі.

A.U. Kuzeubai

### The Issue of Training the Kazakh Traditional Singers

The article deals with problems which arise in connection with the dissemination (transmission) of the Kazakh musical heritage and the education of traditional music performers in contemporary environment. An important prerequisite for preserving vocal tradition is laying the theoretical foundations for Kazakh vocal performance, in particular, for the voice training of traditional singers. The review of the available (quite limited) sources, which is presented in the article, shows that the issue remains poorly understood, and musical education institutions teach the subject of voice training on primarily empirical basis. The author raises the issues of vocal tradition in connection with the primary goal of his scientific research, which is the development of the curriculum and methodology for primary school education for the Kazakh traditional music performers, viz. those who perform in vocal and instrumental genre of *ән* (i.e. singing with *dombra*). In addition, the article outlines key parameters for developing specific guidelines for education and vocal training of gifted children who specialize in traditional (folk) singing at primary musical education institutions (such as schools and colleges).

**Key words:** Kazakh music, traditional singing, vocal training, teaching methodology.

А.У. Кузеубай

### Проблемы обучения казахских традиционных певцов

В статье поднимаются проблемы трансляции (передачи) музыкального наследия и обучения казахских традиционных музыкантов в современных условиях. Важным условием сохранения песенной традиции является разработка теоретических основ казахского вокального исполнительства и, в частности, – постановки голоса традиционных певцов. По обзору имеющейся (совсем небольшой) литературы, которая приводится в статье, эта проблема остается все еще малоизученной, а в музыкальных учебных заведениях предмет «постановка голоса» ведется большей частью на эмпирической основе. Вопросы традиционного вокала поднимаются автором в связи с поставленной в

его научном исследовании целью создать учебную программу и методику начального (школьного) обучения традиционных музыкантов – исполнителей вокально-инструментального жанра *ән* (пение с домброй). Кроме постановки данной проблемы, в статье обозначены основные параметры, по которым должны быть выработаны конкретные методические рекомендации по воспитанию и постановке голоса одаренных детей, обучающихся в музыкальных заведениях (школы, колледжи) по специальности «народное пение».

**Ключевые слова:** казахская музыка, традиционное пение, постановка голоса, методика обучения.

Жеке тұлғаның рухани дамуына, дүниетанымдық көзқарасының жарасымды қалыптасуына өнер мен мәдениеттің, оның ішінде халық әнінің алатын орны зор. Қазақ халық әндері – ғасырлық мәдениетіміздің көркем формасының бірі, заманның тарихи шежіресі, кешегі күннің белсенді жаршысы. Ән – құдіретті өнер, жан дүниені әсерлендіріп, адамды сәулелі өмірге өршелендіретін, тебірентіп толғандыратын сиқырлы өнер. Қазақтың төл тума өнерінің қайнар бұлағы адамзат өнерінің қалыптасуынан атадан балаға мирас болып, ауыздан ауызға тарап, ХХІ ғасырдың төріне классикалық музыканың талап-талғамына төтеп беретін небір дарабоз, орны бөлек дәстүрлі әнші орындаушыларымен оздырды.

Қазіргі жағдайда, ащы шындыққа жүгінсек және дәстүр жалғастығы биігінен қарасақ, дәстүрлі ән салу өнерімізді сәл жүдетіп алған сыңайлымыз. Дәстүрлі ән тағдыры, жалпы ән проблемасы тек композитор не болмаса әнші, музыка зерттеушісі, сол сияқты өнер қайраткерлерінің ғана жанашырлығын қажет ететін сала емес. Дәстүрлі ән тағдыры көпшілік, халықтық проблема. Бүгінгі таңда табиғат аясының экологиялық тазалығы халқымызға қандай қажет болса, ән тағдыры, ән болашағы да халқымызды сондай мазаландырса керек. Міне, осындай толғаныстарға байланысты дәстүр сабақтастығын жалғастырып, дәстүрлі әннің бүгінгі насихатталуын қарастыра келе біз дәстүрлі музыканың бүгінгі трансляциясы<sup>1</sup> мәселесін және нақтырақ айтсақ, Қазақстандағы музыка мектептеріндегі «дәстүрлі ән» мамандығы бойынша оқу бағдарламасын және әдістемелік жүйесін жетілдіру мәселелерін қозғап отырмыз.

Бүгінгі күндеоблыс, қала орталықтарында арнайы музыка мектептерінде балалар түрлі музыкалық аспаптарда (скрипка, фортепиано, саксафон, флейта т.б.) дәріс алуда. Осы мәселеге байланысты біз профессор А.И. Мұхамбетованың «Қазақстанда жаппай музыкалық білім

беру» атты мақаласында «Балаларымызды музыкалық мектептерде тәрбиелеп, олардың бойындағы генетикалық қазақы ділін еуропалық мәнерге ауыстыру әрекетін жалғастыра беру арқылы олардан Батыстың өзінде жеткен өрісінен айрыла бастаған ХІХ ғасырдағы еуропалық мәдениеттің тұтынушыларын өсіреміз бе?» – деп, ой қозғаған ғалым бұл еуропалық мәдениеттің өткен ғасырда-ақ маңызынан айрылғанын атап, өзінің тұжырымын нақтылай түсе «Жоқ әлде Қазақстандағы музыкалық білім беру ісі баланың зияткерлік және мәдени әлеуетін дамытатын, оны өз халқының мәдениетін түсініп, қадірлей білу қасиетін тәрбиелейтін, қазіргі замандағы қазақ мәдениетінің біте қайнасқан элементіне айналама?», – дейді [1, 279]. Енді біз осы жерден ғалымның пікірін аңғарсақ, бізге еуро-орыстардың мәдени-рухани үлгісіне ұқсамайтын, ұлттық төлтумалығы айқын дәстүрімізді, өзіміздің төлтума өнерімізді насихаттауымызды, мектеп жасынан тәрбиелеуіміз керектігіне баса назар аудартып отыр.

Иә, музыкабаланы, оның санасын, мінез-құлқын, құндылық айқындамаларын, ақыл-ой қабілеті мен парасатын қалыптастырудың аса қуатты амалы десек, дәстүрлі ән ұлттық әуен-сазға үндесіп, сонымен бірге ұлттың сөйлеу тіліне еліктеуге икемдейді. Қазақстандағы музыка мектептерінде бұрын соңды болмаған дәстүрлі ән сыныптарын ашып, оларға кәсіби деңгейде дәріс беру – бүгінгі күннің міндеті. Және де дәстүрлі әннен білім беру – бұл музыкалық педагогиканың арнайы мәселесі, яғни ұлт болашағының мәселесі. Қазақстандағы музыка мектептеріне дәстүрлі әннің білім беру жайы бұрын-соңды ғылыми тұрғыдан пайымдалған емес. Ендеше біздің ғылыми жұмысымыздың мақсаты – дәстүрлі әннің орындаушылық ерекшеліктерін, халық әндерін, халық композиторларының әндерін, Қазақстан сазгерлерінің шығармаларын табиғи болмысын бұзбай, негізгі түбірін сақтай отырып, Қазақстандағы музыка мектептеріне дәстүрлі әннің оқыту бағдарламасын және әдістемесін ұсыну. Осы орайда біз ХХ ғасырдың ірі

<sup>1</sup> Бұл жерде трансляция сөзі *тапсыру, әрі жеткізу, жалғастыру* мағынада.

тұлғасы, аса көрнекті ақын С.Торайғыровтың ән турасында айтқан пікіріне жүгінсек «...біздің қазақ ән құмар халық... Біреу қолына домбыра ұстап ән сала бастаса, ойдағы-қырдағысы жиналып, сегіздегі бала, сексендегі шалына дейін қалмай қамалап, айтшы-айтшылап, жанын жағасына келтіреді. Бара-бара сол әндегі рух сүйегіне сіңеді, құлағында қалады», – деген [2, 294].

Балаларға эстетикалық тәрбие беруді қазақ халқы, сонау ертеден көшпелі кезінде-ақ бастағандығын мына төмендегі мысалдан байқауға болады. Енді осы тұста өткен ғасырдың бірінші жартысы алғашқы он жылдығында жарық көрген мақалаға көз жүгіртсек, онда киелі Түркістан қаласында 12 жыл тұрып, қазақ музыкасын зерттеген этнограф П.П. Тихов «Қазақтарға тән әнге құмарлық қасиет ана сүтімен бірге бітеді. Қазақтар балаларына жаңадан қаз-қаз тұра бастаған кезде-ақ ән үйрете бастайды...», – деп жазды [3, 4]. Бұл жазбаша естеліктерден ұққанымыз – мүмкіндігіне қарай, баланы дәстүрлі әнге жастайынан баулыған жөн. Өйткені ән ана сүтіндей баланың бойына ерте сіңсе, онда ол балаға ауа мен су тәрізді күнделікті қажеттілігіне айналды. Ал мұндай қажеттілік, бала бойына туа біткен дарын дәннің ерте көктеп, гүлденіп жеміс беруіне себеп тигізеді. Осындай жоғарыдағы ғылыми дәлел тұрғысынан қарағанда балаға саналы эстетикалық тәрбиенің, оның ішінде арнайы дәстүрлі әнненмузыкалық тәрбие беру камын неғұрлым ертерек қарастырудың қажеттілігін айтпасақ та өзінен өзі түсінікті.

Бүгінгідей аса тегеурінді халықаралық аралас-құралас (интеграция, глобализация) бел алған заманда ұлттық төлтума мәдениетімізді, дәстүрлі әнді сақтап қалу, оны кеңінен насихаттау бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналуда. Ал бүгінгі күнде осы өнерімізді қалай сақтап қаламыз деген сұраққа жауап іздесек, оның бірден бір жолы мемлекетіміздегі музыкалық мектептерден арнайы дәстүрлі ән, күй, жыр сыныптарын ашып, талантты, дарынды балаларды жинап, оларға XVIII-XIX ғасырда қазақ музыка өнерінің ренессансына айналған алып тұлғалардан қалған бай мұраның қыр-сырын, өзіндік өрнек әуенінің сыр-сипатын, дәстүрлік ерекшеліктерін түсіндіріп, үйрету.

Ал бұл жасөспірім талантты шәкірттерімізді, дәстүрлі вокалға тәрбиелеу барысында біз қандай проблемаларға кезігіп отырмыз. Ең алдымен шешуін таппай жатқан дауыс қою педагогикасындағы дәстүрлі вокалды орындағанда маңызы мен оны қолданудың әдіс-тәсілдері, дауыс қою

дың техникалық жолдары өз алдына зерттелімін күтіп тұрған тың сала.

Дәстүрлі әншінің дауысын тәрбиелеу мәселелеріне байланысты еліміздің маңдай алды өнер ошақтарында жүрген дәстүрлі әншілер мен консерватория және академия сынды оқу орындарында сабақ беретін ұстаздардың дәстүрлі вокалды педагогикалық әдістемелік оқу-құралы, оқытудағы әдіс-тәсілдері, дәстүрлі вокалға дауыс қою жайында жарияланған еңбектері, мақалалары жоқтың қасы.

Бұл мәселелерге байланысты Қазақтың ұлттық дәстүрлі вокалын ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық жағынан зерттеу бүгінгі күннің ең басты өзекті мәселесіне айналуда.

Дәстүрлі вокал турасында ғылыми еңбектерді іздегенде ә. Нұғыманованың «Қазақтың әншілік дәстүрі» ғылыми монографиялық жинағы [4], Б. Тлеуханның «Қазақтың кәсіби вокалды өнерінің кейбір ерекшеліктері» [5], Б.Тлеухан, Р. Несіпбайдың «Исполнительская специфика казахского народно-профессионального искусства пения» [6] мақалаларын кездестірдік. Аталған еңбектерді қарастыра келе біз дәстүрлі вокал педагогикасы қазақ топырағында толық шешуін таппай қалғанын, әлі күнге дейін ғылыми теориялық жағынан бекітілмегенін және толық бір арнайы еңбек болып жарияланбағанын байқаймыз.

Кез келген рухани мұра сияқты дәстүрлі вокалды да қабылдау, зерделеу қабілетін, оның жеке өзіндік шығу, таралу, жету тарихын, сол туралы айтылған пікірлерді анықтап, ең бастысы бекітіп алған жөн. Қазір әлемдегі музыкалық білім жоғары деңгейдегі дамыған елдерде, дұрыс дауыс қоюдың техникалық жолдары анықталған. Еуропалық классикалық вокалда дауыс қою түрлерін зерттеген Кеңес кезеңіндегі Ресей ғалымдарының бірнеше еңбектерін кездестіруге болады. Атап айтқанда И. Левидов, Л.В. Дмитриев, Л.К. Некрасов, А.В. Саркисян, Н.М. Малышева, Ф.Ф. Заседателев, К. Мазурин т.б. Бұл ғалымдардың еңбектері опералық вокалды орындауда, әншіге дауыс қою техникасын, дұрыс тыныс алу жолдарын, дыбыс шығару қағидаларын үйретуді көздейді. Осы еуропалық вокалдан қандай өзгешелігіміз бар дегенде дәстүрлі әннің ұлттық бояуы қанық, иірімдері нәзік әрі күрделі келеді. Оның күрделілігі мелодиялық тартымдылығы мен формасынан көрінеді. Кеңкөмей, қызыл тілден төгілген сөз маржаны сұлу сазбен жымдасқанда, қазақ әнінің дәстүрлі ерекшелігіне тәнті боласың.

Қазақ халық әндері жүрекке жеңіл әрі жанға жағымды. Сондықтан оны «жүректен шығып, жүрекке жететіндей нәзік өнер» деп қараймыз. Халқымызда «күміс көмей, жез таңдай» немесе «кеудесі сандуғаштай сайраған, көмейіне бұл-бұл ұялаған, асқақ үні аспандағы аққумен үндескен кең тынысты әнші» деген даналық сөздер бар. Музыка туралы ғылым дамыған бүгінгі күнде ғана емес, өткен ғасырдағы дәстүрлі әншілеріміздің өзіндік дауыс қою тәсілдері болғанын байқаймыз. Оған дәлел ретінде қазақтың байырғы тарихын зерттеушілердің бірі ғалым С.Я. Вольфсон өзінің «Қазақтар (Киргизы)» деген еңбегінде қазақ халқының әнге құмарлығын айта келіп: «Әннің қазақ өмірінде алатын зор маңызын басқа халықтан кездестіруге екі талай. Қазақтар тіпті жай сабақты да балаларға ән көмегімен оқытады. Алдымен жеке дыбыстарды әндетіп, соңынан толық бір сөзді әнмен айтады», – деп жазды [Цитата Ә. Нұғыманованың еңбегінен алынған – 7, 3]. Осындай ғылыми дәлел тұрғысынан қарағанда біздің өзіміздің дауыс қою формасы болғаны анық. Біз одан ары қарай дәлелімізді нақтылай түссек, дәстүрлі орындаушы жайлы сөз қозғаған тарихшы, этнограф, саяхатшы, музыка зерттеушісі, орыс ғалымы М.В. Готовицкийдің «Қырғыз әндерінің сипаты» атты мақаласында: «Домбыраның немесе үш ішекті гитара тәрізді аспаптың сүйемелдеуімен ән салатын әнші, өлеңшіні халық рахаттана тындайды. Бірде бір жиын-той өлеңшісіз өтпейді», – дейді [Цитата Б. Ерзакович пен З. Қоспақовтың еңбегінен алынған – 8, 73 ].

Ғалымның еңбегінде сол кездегі әнді орындаушылар мен халыққа таратушылардың қазіргі тілмен айтқанда кәсіби әншілер болғанын дәлелдей түсуде. Бірақ этникалық, нақты қазақ әншілік кәсіби өнерінің, оның ішінде, вокалдық техникасының ерекшеліктері және «еуропалық вокалдан, дәстүрлі вокалдың айырмашылығы қандай?» деген өзекті мәселелерді зерттеуде біз бірнеше кемшіліктерді кезіктіріп отырмыз. Олардың кейбіреуі жоғарыда көрсетілген Б. Тілеуханның мақаласында, яғни, сол 90-шы жылдардың аяғында-ақ белгіленген. Бұл кемшіліктер жалпы дәстүрлі өнердің бүгінгі жағдайында «дәстүрлі орындаушылар неге аз, даму қарқыны неге қуатсыз?» [5, 137 ] деген сұраққа жауап іздегенде, табылған:

«1. Ел ішіндегі дәстүрлі өнердегі үлкен буын өкілдерінің кешіндігі, қалаөмірі саясында дамып жатқан мәдениетімізге араласуға мүмкіндіктің жоқтығы.

2. Күнделікті телерадиодағы үгіт насихат. Бұл ағынның тасасында қалуы, осылардың әсерінен ұрпақ талғамы, тыңдаушы талабының бұзылуы.

3. Ұрпақ тәрбиесінің негізгі көзі боп саналатын орта мектептер қабырғасындағы музыкадан алшақтығы, әдістемелік жүйесіздігі.

4. Табиғи жалғасы қиындаған дәстүрді бүгінге сай әдістемелік жүйесін таппауы, ән зерттеуші теоретиктер мен орындаушылар арасындағы байланыстың кемшіндігі» [5, 137].

Осы мәселелердің 3-ші және 4-ші пункттері біздің тақырыбымызға тікелей қатысы бар және де әлі күнге дейін мәнді. Бұған тағы мыналарды қоса айтсақ болады:

– кәсіби өнердің негізгі бөлігінің бірі боп саналатын дәстүрлі әншіге дауыс қою ережелері мен шарттарының жоқтығы;

– дәстүрлі әншілердің жастайынан мектеп оқу бағдарламасы жетілдірілмегені;

– бұл мамандықтың жалпы әдістемелік оқу құралдарының аздығы және мектеп қабырғасында оқу және әдістеме жүйесінің жоқтығы.

Осы сынды сүбелі мәселелер зерттеуді талап ететін бүгінгі біздің көкейдегі сауалдар. Бұл мәселелердің ішінде, әрине, дауыс қою – өте күрделі процесс, өйткені дауыс қоюшы алдындағы шәкірттің өзі білмейтін, өзі шығара алмайтын дыбысын танып, оны дұрыс шығартуға міндетті. Сондықтан да дауыс қою ұстаздың тәжірбиесі мен әдістемесіне байланысты. Әншінің қандай болмағы ұстазға, алған тәрбиесіне байланысты.

Дәстүрлі вокалды орындау әдіс-тәсілдерін ұстаздар, шәкірттеріне көрсету, сөзбен түсіндіру арқылы жеткізеді. Оның бір себебі, жаратқан ием қазаққа тіл бітіріп, санасына сөз салғанда ұлттық болмысымен біте қайнап, бірге жаралған тіл ерекшелігіндегі үнділігі жалпы қазақ және *әр аймақтағы* артикуляциясында ерекше *ө, ы, і, ң, ү, ұ, ә* әріптерінің дыбысталу үні, оның ән салуда бунақ-бунаққа берер құлаққа жағымды әуезділігінің дәстүрлі әншіліктегі ерекшелігінде. Ол үндерді кез келген әнші мәнеріне келтіріп тыңдаушысына жеткізе бермейді. Ән айтуда еуропалық вокалға ұқсамайтын тағы бір қасиет – ән әуезіне ерекше сипат беретін, асқақ үнінің әрін келтіріп, дауыс ырғағын мәнерлей түсетін, ой-сана мен жүрекке жылы тиетін қазақ тіліндегі ұяң дыбыстар *м, ң, ү, л* әріптерінде.

Ендеше бізалдын-ала болжам бойынша, дәстүрлі әншінің дауыс қою процессін мынапараметрлер арқылы нақтылай аламыз:

– дәстүрлі ән салу мәдениеті;

– дауыс аппаратын дайындау шеберлігі;  
 – ән айту кезіндегі тыныс алу дағдысы;  
 – дем мен резанаторлардың байланысын белгілеуі;  
 – дауыс регистрінің үйлесімін, жоғарғы дыбысты дамытудағы әдіс-тәсілдерін анықтау;  
 – дыбыс шығарғанда ауыз қуысының мүшелері (тіл, таңдай, ерін, бөбешік, астыңғы-үстіңгі жақ) табиғи және тиімді жолдарын табу;  
 – әндеткенде дикция мен артикуляцияның таза шығуын қадағалау;  
 – көркем шығарманы эмоциямен және мәнерлеп орындау дағдыларын қалыптастыру.  
 Ең басты мәселеге орала келсек, біздің түпкі мақсатымыз – қазақ дәстүрлі вокалының бала-

ларға арналған бағдарламасымен әдістемесін, педагогикалық оқыту тәсілдерін ғылыми тұрғыдан тұжырымдап бекіту.

Мақаланың қортындысы ретінде айтатынымыз, өнер мұраты – іздену, үйрену, санаға сіңдіру, ғылыми тұжырым жасаудан тұрады. Ендеше уақыттегінен өтіп ұлттың бет пердесіне, дәстүріне айналған классикалық ұлттық өнеріміздің тереңіне бойлап, бүгінгі күннің еншісінде насихаттау. Кезінде екі ауыз өлең білмейтін қазақ болмаған, яки біз, «бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай» деген пікірге ие болған, әншілігі аңызға айналған сауыққой халықпыз. Олай болса, ән салу ұлттық дәстүріміздің жалғасы екенін нұмытпағанымыз абзал!

### Әдебиеттер

- 1 Аманов Б.Ж., Мұхамбетова А.И. Қазақстандағы жаппай музыкалық білім беру // Дәстүрлі қазақ музыкасы және XX ғасыр. – Астана, 2013. – 278-288 бб.
- 2 Торайғыров С. Өлең хәм айтушылар // Айқап. – 1913. – №13. – 293-295 бб.
- 3 Тихов. П.П. О музыке Туркестанских киргиз // Музыка и жизнь. – 1910. – № 3. – 4 б.
- 4 Нұғыманова Ә. Қазақтың әншілік дәстүрі. – Алматы: Арыс, 2009.
- 5 Тлеухан Б. Қазақтың кәсіби вокалды өнерінің кейбір ерекшеліктері // Курмангазы и традиционная музыка на рубеже тысячелетий: Мат. междунар. конф., посв. 175-летию Курмангазы / сост. А.И. Мухамбетова. – Алматы: Дайк-Пресс, 1998. – 136-143 бб.
- 6 Тлеухан Б., Несіпбай Р. Исполнительская специфика казахского народно-профессионального искусства пения // История искусств Казахстана. – Том 1. – Алматы, 1998. – 298-323 бб.
- 7 Нұғыманова Ә. Кіріспе сөз // Балалар дауысының тәрбиесі. – Алматы: Жазушы, 1970. – 3-4 бб.
- 8 Ерзакович Б., Қоспаков З. Қазақ музыка фольклорының тарихнамасы. – Алматы: Ғылым, 1986. – 73 б.

### References

- 1 Amanov B.Zh., Muxambetova A.I. Kazakstandaғы zhappay muzykalық bilim beru // Dәstүrлі қазақ muzykasy zhәne XX ғасыr. – Astana, 2013. – 278-288 bb.
- 2 Toraygyrov S. Öleң hәм aytushylar // Ayқаp. – 1913. – №13. – 293-295 bb.
- 3 Tihov. P.P. O muzyke Turkestanskikh kirgiz // Muzyka i zhizn'. – 1910. – № 3. – 4 b.
- 4 Nұғymanova Ә. Қазақтұң әnshilik дәstүri. – Almaty: Arys, 2009.
- 5 Tleuhan B. Қазақтұң kәsibi vokaldы өnerinиң keybir erekshelikteri // Kurmangazy i traditsionnaya muzyka na rubezhe tysacheletiy: Mat. mezhduнар. konf., posv. 175-letiyu Kurmangazy / Sost. A.I. Muhambetova. – Almaty: Dayk-Press, 1998. – 136-143 bb.
- 6 Tleuhan B., Nesipbay R. Ispolnitel'skaya spetsifika kazahskogonarodno-professional'nogo iskusstva peniya // Istoriya iskusstv Kazahstana. – Tom 1. – Almaty, 1998. – 298-323 b.
- 7 Nұғymanova Ә. Kirispe söz // Balalar dauysynuң tәrbiesi. – Almaty: Zhazushy, 1970. – 3-4 bb.
- 8 Erzakovich B., Kospakov Z. Қазақ muzyka fol'kloryнuң tarihnamasy. – Almaty: Fylym, 1986. – 73 b.